

**Пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, қатты түрлерінің кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу және пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық бөлігінде салық салу қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1379 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 21 мамырдағы № 282 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 21.05.2018 № 282 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 307-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, қатты түрлерінің кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу және пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық бөлігінде салық салу қағидалары бекітілсін.

2. "Пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, қатты түрлерінің кен орнын игеруді көздейтін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты рентабельділігі төмен санатқа жатқызу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 8 сәуірдегі № 492 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 18, 162-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2012 жылғы 31 қазандағы  
№ 1379 қаулысымен  
бекітілген

**Пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, қатты түрлерінің кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін)**

## **рентабельділігі төмен санатқа жатқызу және пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық бөлігінде салық салу қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, қатты түрлерінің кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу және пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық бөлігінде салық салудың осы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 307-бабының 4-тармағын іске асыру мақсатында әзірленді.

2. Қағидаларда пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу туралы өтініштерді беру мен қарау тәртібі және кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу критерийлері белгіленеді.

### **2. Пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу туралы өтініштер беру мен қарау тәртібі**

3. Кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу үшін қызметін жер қойнауын пайдалануға арналған, кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) игеруді көздейтін, оның ішінде 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған, осы Қағидалардың 3-тарауында айқындалған критерийлерге сәйкес келетін келісімшарт бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі — уәкілетті орган) өтініш білдіреді.

4. Ағымдағы аяқталмаған күнтізбелік жылға кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу туралы өтініш күнтізбелік жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірілмей осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша беріледі. Өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс:

1) бірінші басшы немесе оны алмастыратын тұлға, сондай-ақ бас бухгалтер (бухгалтер) қол қойған, алдыңғы қаржы жылындағы қаржылық есептіліктің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен аудитті міндетті түрде өткізу белгіленген заңды тұлғалар үшін алдыңғы қаржы жылындағы

аудиторлық есептің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі. Егер өтінім ағымдағы жылдың 1 маусымына дейін берілсе, онда өткен қаржы жылының алдындағы қаржы жылындағы аудиторлық есептің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі беріледі;

3) заңды тұлғаның өтініш берілген күннің алдындағы кемінде тоқсан күн бұрынғы жағдай бойынша ағымдағы қаржы жылының өткен кезеңіндегі қаржылық есептілігінің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;

4) заңды тұлғаның басшысы немесе оны алмастыратын тұлға растаған алдыңғы күнтізбелік жылғы бюджеттің атқарылуы туралы есеп;

5) заңды тұлғаның басшысы немесе оны алмастыратын тұлға растаған ағымдағы күнтізбелік жылға арналған бюджеттің есептемесі;

6) заңды тұлғаның басшысы немесе оны алмастыратын тұлға растаған, өтініш берілген күннің алдындағы кемінде тоқсан күн бұрынғы жағдай бойынша ағымдағы күнтізбелік жылы бюджеттің атқарылуы туралы есеп;

7) корпоративтік табыс салығы (бұдан әрі – КТС) және үстеме пайда салығы (бұдан әрі – ҮПС) бойынша алдыңғы салық кезеңіндегі келісімшарт бойынша салықтық есептілік;

8) КТС бойынша аванстық төлемдердің есептемесі (егер жер қойнауын пайдаланушы аванстық төлемдер төлеушісі болса) және КТС мөлшерінің ағымдағы есепті жылға жоспарланған есептемесі;

9) КТС бойынша салық міндеттемелерінің есептемесі, сондай-ақ заңды тұлғаның осы кезеңдегі бюджетіне берілген есептемелерді егжей-тегжейлі байланыстырумен ағымдағы салық кезеңіндегі келісімшарт бойынша таза табыстың, сатулар рентабельділігінің есептемесі;

10) келісімшарт бойынша рентабельділік көрсеткіштерінің есептемелері үшін пайдаланылған минералдық шикізаттың, пайдалы қазбаның, металдың орташа бағасының негіздемесі.

5. Пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, қатты түрлерінің кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу туралы өтініш алдағы күнтізбелік жылы ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 қыркүйегінен ерте емес, бірақ ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей беріледі, оған осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа, мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс:

1) заңды тұлғаның басшысы немесе оны алмастыратын тұлға растаған алдағы күнтізбелік жылға арналған бюджеттің есептемесі;

2) компанияның келісімшарт бойынша КТС бойынша салық міндеттемелерінің есептемесі, сондай-ақ заңды тұлғаның осы кезеңдегі бюджетіне берілген есептемелерді егжей-тегжейлі байланыстырумен алдағы

күнтізбелік жылдағы келісімшарт бойынша таза табыстың, сатулар рентабельділігінің есептемесі.

Бұл ретте осы Қағидалардың 4-тармағының 3), 6) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер ағымдағы күнтізбелік жылдың өткен 9 айы үшін беріледі.

6. Қажет болған жағдайда, уәкілетті орган өтініш түскеннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өтініш берушіден өтініште қамтылған мәліметтерді негіздейтін басқа да құжаттар мен есептемелерді сұрата алады.

Өтініш беруші уәкілетті органның тиісті сұратуын алғаннан кейін он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Қағидалардың осы тармағына сәйкес сұратылатын, өтініште қамтылған мәліметтерді негіздейтін басқа да құжаттар мен есептемелерді уәкілетті органға береді.

7. Уәкілетті орган өтініш түскен күннен кейін және (немесе) осы Қағидалардың 4 және (немесе) 5-тармақтарында көзделген құжаттарды, сондай-ақ осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес уәкілетті орган сұратып алған құжаттар мен есептемелердің толық тізбесін ұсынбаған немесе құжаттарды ұсынбаған және (немесе) өтініш берушінің ұсынған құжаттарында мәліметтер толық болмаған немесе өтініш осы Қағидаларда белгіленген талаптарды бұза отырып берілген жағдайда, өтініште қамтылған мәліметтерді негіздейтін басқа да қосымша құжаттар мен есептемелер түскеннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өтінішті қараудан бас тарту жөнінде дәлелденген жауап жолдайды.

8. Уәкілетті орган өтінішті қарауға қабылдағаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, өтініштің және оған қоса берілген құжаттардың көшірмелерін төменде көрсетілген мемлекеттік органдарға мынадай мәселелер бойынша:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне – салық есептілігінің деректерін растау үшін;

2) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігіне – жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жұмыс бағдарламаларын (жұмыстардың жылдық бағдарламаларын) және/немесе жобалық шешімдер мен міндеттемелерді ескере отырып, минералдық шикізат, пайдалы қазба, металл өндірудің жоспарланып отырған көлемдері мен жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар көлемі және тиісті күнтізбелік жылдағы минералдық шикізат, пайдалы қазба мен металдың болжамды бағасының, сондай-ақ минералдық шикізат, пайдалы қазба мен металдың алынуы негізділігі мәселелері бойынша;

3) өзге мемлекеттік органдарға – өздерінің құзыреті шегінде және уәкілетті орган қойған мәселелер бойынша пайдалы қазбаларды өндіруге арналған

салықтың жеке ставкасының нақты мөлшерлері жөнінде негізді шешімдер әзірлеу мақсатында қорытындылар дайындау үшін жібереді.

Тиісті мемлекеттік органдардың қорытындылары уәкілетті органға одан өтініш және оған қоса берілетін құжаттардың көшірмелері алынған сәтінен бастап күнтізбелік отыз күн мерзімінен кешіктірілмей берілуге тиіс. Уәкілетті орган өтініш беруші ұсынған деректердің негізінде тиісті мемлекеттік органдардың барлық қорытындылары алынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) рентабельділігінің есептемесін жүргізеді және осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес белгіленетін пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салықтың жеке ставкасының нақты мөлшерлері бойынша осындай ставкалар қолданылатын күнтізбелік жылды көрсете отырып ұсыныстар дайындайды.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.**

9. Осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген тиісті мемлекеттік органдардың барлық қорытындыларын алған күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі құрған ведомствоаралық комиссияның (бұдан әрі - комиссия) қарауына тиісті кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) рентабельділігінің есептемелерін және пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салықтың жеке мөлшерлемесінің нақты мөлшері бойынша ұсыныстарды, мемлекеттік органдардың қорытындыларын қоса бере отырып, өтініш енгізеді.

Комиссия он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өтінішті, тиісті мемлекеттік органдардың қорытындыларын, тиісті кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) рентабельділігінің есептемелерін және пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салықтың жеке ставкасының нақты мөлшерлері бойынша ұсыныстарды қарайды және кен орнын (кен орындары бір тобының, кен орнының бір бөлігінің) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу немесе жатқызудан бас тарту туралы, рентабельділігі төмен кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу туралы ұсыныс әзірленген жағдайда) пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық ставкасының мөлшері туралы ұсынымдар әзірлейді.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 08.09.2017 № 553 қаулысымен**

10. Комиссия кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу туралы ұсынымдар әзірлеген жағдайда, уәкілетті орган комиссияның ұсынымына сәйкес жиырма жұмыс күні ішінде кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін)

пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық ставкаларын қоса бере отырып, рентабельділігі төмен санатқа жатқызылған кен орындарының тізбесіне қосу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасын әзірлейді және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

11. Пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық ставкасы күнтізбелік бір жылға белгіленеді. Егер пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық ставкасы көрсетілген жылдың ішінде белгіленген жағдайда осы жылдың міндеттемелері бойынша күнтізбелік жылдың басынан бері есептелген және төленген пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық (бұдан әрі - ПҚӨС) осы Қағидаларға сәйкес белгіленген мөлшер бойынша қайта есептеледі.

12. Кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу туралы тиісті өтініштерді комиссияда қарау нәтижелері туралы уәкілетті орган комиссия тиісті шешім шығарғаннан кейін он жұмыс күні ішінде жер қойнауын пайдаланушының назарына жеткізеді.

13. Кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызудан бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

1) КТС бойынша салықтық міндеттемелердің ұсынылған есептемесінің, сондай-ақ таза табыстың, тиісті күнтізбелік жылға арналған кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша сатулар рентабельділігінің Қазақстан Республикасының салық заңнамасына, оның ішінде осы Қағидалардың 3-тарауына сәйкес келмеуі;

2) жер қойнауын пайдаланушының өтініш беруші рентабельділік деңгейін есептеу үшін пайдаланған тиісті күнтізбелік жылғы минералдық шикізат, пайдалы қазба, металдың негізсіз болжамды бағасын қолдануы;

3) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 05.08.2014 № 892 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);

4) егер өтініш ағымдағы күнтізбелік жылға берілсе, алдыңғы күнтізбелік жылдың деректерімен не егер өтініш алдағы күнтізбелік жылға берілген болса, енгізілетін түзетулер ескеріле отырып, көрсетілген кезеңдегі бюджет негізінде жыл бойынша болжамды деректерге негізделе отырып есептелген ағымдағы күнтізбелік жыл бойынша деректермен салыстырғанда минералдық шикізаттың, пайдалы қазбаның, металдың бір тоннасына есептегенде ұлттық валютаның шетелдік валюталарға қатысты айырбас бағамының өсуіне байланысты импортталатын тауарларды сатып алуға жұмсалатын шығындарды және Қазақстан Республикасында өндірілген тауарларды алуға жұмсалатын жылдық инфляция деңгейінің ұлғаюына байланысты шығындарды қоспағанда, өндірістік шығындар, өткізу шығындары мен жалпы әкімшілік шығындар 10 %-дан жоғары ұлғайған жағдайда, негізсіз ұлғайтылуы;

5) өткен күнтізбелік жылдың немесе ағымдағы аяқталмаған күнтізбелік жылдың қорытындылары бойынша кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша рентабельділіктің іс жүзіндегі немесе жоспарланған деңгейінің 0 %-дан артық болуы.

Жер қойнауын пайдаланушыға кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызудан бас тарту себептері жойылған жағдайда, ол осы тарауда белгіленген тәртіппен уәкілетті органға қайтадан өтініш жолдауға құқылы.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2014 № 892 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 27.07.2016 № 443 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

14. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтініш бойынша түпкілікті шешім қабылданғанға дейін пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, қатты түрлерінің кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу туралы өтінішті қарау мерзімдері осы Қағидаларда белгіленген мерзімдерден аспайтын уақытқа ұзартылуы және қосымша бақылауға алынуы мүмкін.

Өтінішті қарау мерзімдері ұзартылған жағдайда, уәкілетті орган қарау мерзімдері ұзартылған сәттен бастап күнтізбелік үш күн ішінде өтініш берушіге мерзімдердің ұзартылғаны туралы хабарлайды.

### **3. Пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, қатты түрлерінің кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу критерийлері**

15. Егер кен орны (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігі) бойынша жоспарланған рентабельділік деңгейі алдағы күнтізбелік жылдың немесе ағымдағы аяқталмаған күнтізбелік жылдың қорытындылары бойынша жер қойнауын пайдаланушының осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен өз бетінше жүргізген есептемелері бойынша 0 % тең немесе одан аз болған жағдайда рентабельділігі төмен санатқа жатқызылады.

16. Бір заңды тұлғаның шеңберінде құрылымдық немесе өзге де техникалық бөлімшеге минералдық шикізатты қайта өңдеуге жіберген жер қойнауын пайдаланушылар үшін кен орнының (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділік деңгейін айқындау мақсатында бір компонентті және көп компонентті кен орындары (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) болып бөлінеді.

Егер жер қойнауын пайдаланушы кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) шеңберінде өндірген минералдық шикізат дайын өнімнің бір түрін алу үшін пайдаланылатын болса, онда мұндай кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бір компонентті кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) ретінде қарастырылады.

Егер жер қойнауын пайдаланушы кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) шеңберінде өндірген минералдық шикізат дайын өнімнің бірнеше түрін алу үшін пайдаланылатын болса, онда пайдалы қазбалардың қатты түрлерінің көп компоненттік кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) ретінде қарастырылады.

17. Кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жоспарланатын рентабельділік деңгейінің есептемесі тиісті кезең ішіндегі минералдық шикізат, пайдалы қазбалар мен металдың бағаларын қоса алғанда, жер қойнауын пайдаланушының болжамды деректері негізінде және құзыретті орган растаған өндіру көлемдерінің негізінде жүргізіледі.

1) осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жоспарланған рентабельділік деңгейі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$P_k = TT_k / ЖЖТ_k * 100\%,$$

мұнда:

$P_k$  - кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша рентабельділік;

$TT_k$  – Қағидалардың осы тармақшасына және Салық кодексінің 310-бабының шарттарына сәйкес есептелген кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша таза табыс;

$ЖЖТ_k$  - Қағидалардың осы тармақшасына және Салық кодексінің 310-бабының шарттарына сәйкес есептелген кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жылдық жиынтық табыс.

Салық кезеңі үшін кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша таза табыстың мөлшері мынадай формула бойынша айқындалады:

$$TT_k = CСТ_k - КТС_k,$$

мұнда:

$CСТ_k$  - Салық кодексінің 133-бабында көзделген табыстар мен шығыстардың сомасына азайтылған кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша салық салынатын табыс мынадай формула бойынша айқындалады:



$$CCT_{\kappa} = ЖЖТ_{\kappa} - Ш_{\kappa},$$

мұнда:

$Ш_{\kappa}$  - Қағидалардың осы тармақшасына және Салық кодексінің 310-бабының шарттарына сәйкес есептелген кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша шегерімдер.

Салық салынатын табысты айқындау кезінде салық кезеңі ішіндегі шегерімдер сомасы қосымша салық міндеттемелері есебінен шегерімдер сомасын, ұлғаюы табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің өсуіне байланысты шығыстар есебінен шегерімдер сомасының ұлғаюын, сондай-ақ ұлттық валютаның шетелдік валюталарға қатысты айырбас бағамының өсуіне байланысты импортталатын тауарларды сатып алу және жылдық инфляция деңгейінің ұлғаюына байланысты Қазақстан Республикасында өндірілген тауарларды сатып алу бойынша шегерімдердің ұлғаюын қоспағанда, алдыңғы салық кезеңі ішіндегі шегерімдер сомасынан аспауы тиіс.

$КТС_{\kappa}$  - кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша корпоративтік табыс салығы, мынадай формула бойынша айқындалады:

$$КТС_{\kappa} = CCT_{\kappa} * C_{\tau},$$

мұнда:

$C_{\tau}$  - Салық кодексінің 147-бабында белгіленген пайыздармен, корпоративтік табыс салығының ставкасы.

2) бір компоненттік кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жоспарланған рентабельділік деңгейі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$P_{\kappa} = TT_{\kappa} / ЖЖТ_{\kappa} * 100\%,$$

мұнда:

$P_{\kappa}$  - кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша рентабельділік;

$TT_{\kappa}$  - Қағидалардың осы тармақшасына сәйкес есептелген кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша таза табыс.

Кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша салықтық кезеңдегі таза табыстың мөлшері мынадай формула бойынша айқындалады:

$$TT_{\kappa} = CCT_{\kappa} - КТС_{\kappa},$$

мұнда:

$CCT_k$  - Салық кодексінің 133-бабында көзделген табыстар мен шығыстардың сомасына азайтылған кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша салық салынатын табыс мынадай формула бойынша айқындалады:

$$CCT_k = ЖЖТ_k - Ш_k,$$

мұнда:

$Ш_k$  - Салық кодексінің 310-бабының шарттарына сәйкес есептелген кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша шегерімдер.

Салық салынатын табысты айқындау кезінде салық кезеңі ішіндегі шегерімдер сомасы қосымша салық міндеттемелері есебінен шегерімдер сомасын, ұлғаюы табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің өсуіне байланысты шығыстар есебінен шегерімдер сомасының ұлғаюын, сондай-ақ ұлттық валютаның шетелдік валюталарға қатысты айырбас бағамының өсуіне байланысты импортталатын тауарларды сатып алу және жылдық инфляция деңгейінің ұлғаюына байланысты Қазақстан Республикасында өндірілген тауарларды сатып алу бойынша шегерімдердің ұлғаюын қоспағанда, алдыңғы салық кезеңі ішіндегі шегерімдер сомасынан аспауы тиіс. Ағымдағы аяқталмаған күнтізбелік жылы минералдық шикізатты өндірудің жоспарланған көлемі алдыңғы жыл деңгейінен 10 %-дан астам ауытқыған жағдайда, шегерімдер сомасы өндірілетін көлемдегі айырмаға түзетілуі тиіс.

Кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жылдық жиынтық табыс мөлшері мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ЖЖТ_k = ТӨК_k - ДӨӨТБ_k,$$

мұнда:

$ТӨК_k$  – жекелеген кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша өндірілген бастапқы минералдық шикізаттың және қайта өңдеудің толық өзіндік құны;

$ДӨӨТБ_k$  – кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша өндірілген минералдық шикізаттан өңделген дайын өнімді өткізуден түскен таза табыстың бөлігі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ДӨӨТБ_k = ТӨК_k / ТӨК_{дө} * (ДӨӨТ - ТӨ_{дө}),$$

мұнда:

$ТӨК_{дө}$  – дайын өнімнің толық өзіндік құны;

$ДӨӨТ$  – өндірілген минералдық шикізаттан жасалған дайын өнімді өткізуден түскен табыс;

$КТС_K$  – кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша корпоративтік табыс салығы, мынадай формула бойынша айқындалады :

$$КТС_K = ССТ_K * С_T,$$

мұнда:

$С_T$  – Салық кодексінің 147-бабында белгіленген пайыздарда, корпоративтік табыс салығының ставкасы;

3) көп компоненттік кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жоспарланған рентабельділік деңгейі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$P_K = ТТ_K / ЖЖТ_K * 100\%,$$

мұнда:

$P_K$  – кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша рентабельділік;

$ТТ_K$  – Қағидалардың осы тармағына сәйкес есептелген кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша таза табыс.

Кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша салық кезеңіндегі таза табыстың мөлшері мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ТТ_K = ССТ_K - КТС_K,$$

мұнда:

$ССТ_K$  – Салық кодексінің 133-бабында көзделген табыстар мен шығыстардың сомасына азайтылған кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша салық салынатын табыс мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ССТ_K = ЖЖТ_K - Ш_K,$$

мұнда:

$Ш_K$  – Салық кодексінің 310-бабының шарттарына сәйкес есептелген кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша шегерімдер.

Салық салынатын табысты айқындау кезінде салық кезеңі ішіндегі шегерімдер сомасы қосымша салық міндеттемелері есебінен шегерімдер сомасын , ұлғаюы табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне ( тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің өсуіне байланысты шығыстар есебінен шегерімдер сомасының ұлғаюын, сондай-ақ ұлттық валютаның шетелдік валюталарға қатысты айырбас бағамының өсуіне байланысты импортталатын тауарларды сатып алу және жылдық инфляция деңгейінің ұлғаюына байланысты

Қазақстан Республикасында өндірілген тауарларды сатып алу бойынша шегерімдердің ұлғаюын қоспағанда, алдыңғы салық кезеңі ішіндегі шегерімдер сомасынан аспауы тиіс. Ағымдағы аяқталмаған күнтізбелік жылы минералдық шикізатты өндірудің жоспарланған көлемі алдыңғы жыл деңгейінен 10 %-дан астам ауытқыған жағдайда, шегерімдер сомасы өндірілетін көлемдегі айырмаға түзетілуі тиіс.

$КТС_K$  – кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша корпоративтік табыс салығы, мынадай формула бойынша айқындалады :

$$КТС_K = ССТ_K * C_T,$$

мұнда:

$C_T$  – Салық кодексінің 147-бабында белгіленген пайыздарда, корпоративтік табыс салығының ставкасы.

Кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жылдық жиынтық табыс мөлшері мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ЖЖТ_K = ЖЖТ_{K1} * Y_{K.K},$$

мұнда:

$ЖЖТ_{K1}$  – кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) шеңберінде пайдалы қазбалардың кені құрамының үлес салмағын ескере отырып, былайша есептелетін, өндірілген пайдалы қазбалардың түрлері бойынша тауар өнімінің жалпы өткізілуі бойынша жылдық жиынтық табыс:

$$ЖЖТ_{K1} = (T_p/T_d * T_{дк})_1 * B_1 + (T_p/T_d * T_{дк})_2 * B_2 + \dots (T_p/T_d * T_{дк})_n * B_n,$$

мұнда:

$T_p$  – компания бойынша барлық минералдық шикізаттың, пайдалы қазбаның және металдың әрбір түрі бойынша дайын өнімді өткізудің нақты көлемі;

$T_d$  – Лондонның металл биржасында бағамдалатын металдарды қамтымайтын минералдық шикізат өндірілген жағдайда – компания бойынша барлық өндірілген минералдық шикізаттан алынған пайдалы қазбаның, металдың нақты көлемінің жиынтығы немесе жалпы компания бойынша өндірілген минералдық шикізаттың нақты көлемінің жиынтығы;

$T_{дк}$  – Лондонның металл биржасында бағамдалатын металды қамтымайтын минералдық шикізат өндірілген жағдайда – жекелеген кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша өндірілген минералдық шикізаттан алынған пайдалы қазбаның, металдың нақты көлемінің

жиынтығы немесе жекелеген кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша өндірілген минералдық шикізаттың нақты көлемінің жиынтығы;

Б – Лондонның металл биржасында немесе Лондонның қымбат бағалы металдар биржасында тіркелген, бағамдалған бағаларды ескере отырып, дайын өнімді, металды өткізу бағасы.

Егер дайын өнімге және (немесе) металға Лондонның металл биржасында бағамдар болмаған жағдайда, өткізу бағасы қолданылады.

Келісімшарттық қызметтің үлесі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$Y_{\text{кк}} = \text{ТӨК}_{\text{к}} / \text{ТӨК}_{\text{дө}},$$

мұнда:

$\text{ТӨК}_{\text{к}}$  – кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша өндірілген минералдық шикізаттың толық өзіндік құны;

$\text{ТӨК}_{\text{дө}}$  – дайын өнімнің толық өзіндік құны.

**Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді ҚР Үкіметінің 27.07.2016 № 443 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

18. ПҚӨС ставкалары рентабельділігі төмен санатқа жатқызылған кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) үшін кен орнының (кен орындарының бір тобының, кен орнының бір бөлігінің) рентабельділігін нөлдік деңгейге жақындатуға мүмкіндік беретін шамаға дейін төмендетіледі, бірақ осы Қағидалардың 19-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Қағидалардың 19-тармағында белгіленген ПҚӨС ең төменгі ставкасынан төмен емес.

Бұл ретте, осы Қағидаларға сәйкес есептелген ПҚӨС ставкаларының мөлшері нөл бүтін жүзден бір кадаммен (0,01) үтірден кейінгі екі белгіге дейін үлкеніне қарай дөңгелетіліп, нақтылықпен белгіленеді.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.08.2014 № 892 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

19. ПҚӨС ең төменгі ставкасы, осы Қағидалардың 19-1-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, жоспарлы өндіру көлемін ескере отырып және ПҚӨС жеке ставкасы белгіленетін ағымдағы күнтізбелік жылдың бағалары бойынша 2008 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданылған редакцияда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың талаптарында белгіленген салық салу базасы мен ставкасы бойынша есептелген роялти сомасының абсолюттік мәніне тең сомада ПҚӨС жер қойнауын пайдаланушының бюджетке төлеуін қамтамасыз ететін мөлшерде белгіленуі тиіс

Осы Қағидалардың 19-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, егер жер қойнауын пайдалану келісімшартының талаптарында 2008 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша роялти ставкалары белгіленбеген болса, 2008 жылғы 31 желтоқсанға қолданылған редакциядағы Салық кодексiне сәйкес тиісті пайдалы қазбаға роялти ставкалары қолданылады.

ПҚӨС ең төменгі ставкасын есептеу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) тиісті күнтізбелік жылға жоспарланатын өндіру көлемін ескере отырып, 2008 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыста болған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт талаптарына сәйкес (салық салу объектісі, роялти ставкасы, тиісті күнтізбелік жылға салық салу базасы) жер қойнауын пайдаланушы бюджетке төлеуге жататын роялти сомасы айқындалады ;

2) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес есептелген роялти сомасы абсолюттік мәнде осы Қағидалардың 17-тармағына сәйкес есептелген кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша рентабельділік 0 %-дан аз болған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы бюджетке төлеуі тиіс ПҚӨС сомасын құрайды;

3) рентабельділігі төмен санатқа жатқызылған кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жер қойнауын пайдаланушы үшін белгіленетін ПҚӨС ең төменгі ставкасы Салық кодексінде белгіленген тәртіппен есептелген пайдалы қазбаның тиісті түрі (пайдалы қазбалардың тиісті түрлері) бойынша ПҚӨС бойынша салық салу базасына осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес есептелген ПҚӨС сомасына қатынасы ретінде белгіленеді.

Егер рентабельділігі төмен санатқа жатқызылған кен орны (кен орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) үшін ПҚӨС ставкалары тиісті күнтізбелік жылға көрсетілген жыл ішінде белгіленген жағдайда өткен салық кезеңдеріндегі нақты қалыптасқан бағалардың негізінде күнтізбелік жылдың басынан есептелген және төленген ПҚӨС осы Қағидаларға сәйкес белгіленген ставкалар бойынша қайта есептеледі.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.08.2014 № 892 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

19-1. Егер осы Қағидалардың 19 тармағына сәйкес айқындалған ПҚӨС ең төменгі ставкасы кезінде кен орнының (кен орындарының бір тобының, кен орнының бір бөлігінің) нөлдік рентабельділігіне қол жеткізілмеген жағдайда, онда ПҚӨС-тің, оның ішінде ілеспе пайдалы қазбалар бойынша ең төменгі ставкасы бір мезгілде мынадай шарттар сақталған кезде кен орнының (кен орындарының бір тобының, кен орнының бір бөлігінің) рентабельділігін нөлдік деңгейге жақындатуға мүмкіндік беретін шамаға дейін (0 %-ға дейін қоса алғанда ) төмендетіледі:

1) кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) осы Қағидалардың 16-тармағына сәйкес бір құрамдауышты немесе көп құрамдауышты кен орны ретінде сыныптауға болады;

2) минералды шикізатты өңдеу нәтижесінде алынған дайын өнімді өткізген кезде дайын өнімді өткізу бағасы мен оның толық өзіндік құны арасындағы айырма ретінде айқындалатын шығындар туындайды. Осы тармақтың мақсатында дайын өнімнің толық өзіндік құнына өткізілген дайын өнімнің өзіндік құны, өткізу бойынша шығыстар және жалпы және әкімшілік шығыстар қосылады. Өткізілген дайын өнімнің өзіндік құны халықаралық қаржы есептілігі стандарттары мен Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалады. Өткізілген дайын өнімнің толық өзіндік құнынан шығын сомасын айқындау мақсатында төленуге жататыннан (төленгеннен) басқа, халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарын және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржы есептілігі туралы заңнамасын қолданған кезде активтер мен (немесе) міндеттемелер құнының өзгеруіне байланысты бухгалтерлік есепке алуда туындайтын шығыстар баптан алынып тасталуға тиіс.

2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың талаптарында ілеспе пайдалы қазбаларға арналған роялти ставкалары 2008 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша белгіленбеген жағдайда, егер жер қойнауын пайдаланушының қызметі, тұтастай алғанда, шығынды болып табылса, онда осы Қағидалардың 19-тармағында айқындалған мұндай пайдалы қазбаларға қатысты ПҚӨС ең төменгі ставкасы 0 % мөлшерінде белгіленеді.

**Ескерту. Қағидалар 19-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2014 № 892 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

20. Осы Қағидалардың 19-тармағына сәйкес белгіленген пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық ставкасын қолданған салық төлеуші тиісті салық жылының 4-тоқсанынан кейінгі 2-айдың 15-күнінен кеш емес мерзімде Салық кодексінің 45-тарауында белгіленген тиісті ставканы қолдана отырып, нақты деректер негізінде рентабельділік көрсеткіштерінің есептемесін жүргізеді.

Егер келісімшарт бойынша жүргізілген есептеменің нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 15-тармағында белгіленген рентабельділік мәндері асып кетсе, салық төлеуші барлық салық жылындағы жалпыға белгіленген ставкалар негізінде пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық міндеттемелерін қайта есептейді және алынған мәндерді пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық бойынша қосымша декларацияда көрсетеді. Осы декларацияда көрсетілген пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық сомасы салық жылының 4-

тоқсанының салық міндеттемесі болып табылады және жалпыға белгіленген тәртіппен айыппұлдар мен өсімпұлдарды қолданбастан бюджетке төлеуге жатады.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.08.2014 № 892 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, қатты түрлерінің кең орнын (кең орындарының бір тобын, кең орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу және пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық бөлігінде салық салу қағидаларына қосымша

**Пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, қатты түрлерінің кең орнын (кең орындарының бір тобын, кең орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу туралы**  
**ӨТІНІШ**

1. Жер қойнауын пайдаланушының (заңды тұлғаның) толық атауы не Т.А.Ә. (жеке тұлғаның): \_\_\_\_\_.

2. Орналасқан жері (почталық мекенжайы): \_\_\_\_\_.

3. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_.

4. Пайдалы қазбаларды өндіру жүзеге асырылатын және пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, қатты түрлерінің кең орнын (кең орындарының бір тобын, кең орнының бір бөлігін) игеруді көздейтін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты рентабельділігі төмен санатқа жатқызу тәртібін қолдану болжанатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт:

4.1. Келісімшарттың толық атауы, келісімшарттың тараптары, келісімшартты жасасу күні: \_\_\_\_\_;

4.2. Құзыретті органда келісімшарт тіркелген күні және нөмірі:

\_\_\_\_\_;

4.3. Келісімшарттың (кең орнының) атауы: \_\_\_\_\_;

4.4. Келісімшарт аумағының (кең орнының) орналасқан жері \_\_\_\_\_;

4.5. Өндірілетін пайдалы қазбаның түрі \_\_\_\_\_.

5. Өтініш беру негіздемесі \_\_\_\_\_.

6. Байланыс жасайтын тұлға (Т.А.Ә, лауазымы, телефоны): \_\_\_\_\_



---

—  
Қосымшалар:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Басшының Т.А.Ә., лауазымы \_\_\_\_\_

М.О.

Өтініш берілген күн: 20\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_